

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректор өкілі

Ж.Томар

« 17 » 06 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректоры

Ж.Темірбекова

« 17 » 06 2022 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-068-2022

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Қабылдау комиссиясы тарапынан **ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Өзірлеген - Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Е.Төлегенов
3. Келісілді - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
- Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
- Заң бөлімінің басшысы F.Мұсаханов
4. Енгізілді - 2022
5. Тексеру мерзімі - 2024

Қызметтік қолданыс үшін басылым



Түркістан 2022

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік	4
5	Ахмет Ясауи университетіне қабылдау тәртібі	4
6	Арнаулы және шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі	5
7	Мемлекеттік білім беру гарантына қабылдау тәртібі.....	6
8	Ахмет Ясауи университетінің Түркия квотасына қабылдау тәртібі	8
9	Ақылы негізде қабылдау тәртібі	9
10	Қысқартылған білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі	10
11	Ережеде қарастырылмаған мәселелерді шешу	10
12	Келісу, сақтау және тарату	10
	Қосымша 1 Шекті балл.....	11
	Қосымша 2 Танысу парағы	12
	Қосымша 3 Өзгерістерді тіркеу парағы	13

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (одан әрі – Ахмет Ясауи университеті) білімгерлерді қабылдау тәртібіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2. Университеттің осы ережесі бакалавриат бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша маман даярлауда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.3. Ереже білімгерлерді қабылдаудың сапасын бағалауда негіз болып табылады.

1.4. УЕ-ХҚТУ-068-2022 Университет ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда ҚР 04.07.2018 № 171-VI);

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, ҚР БҒМ м.а. 05.11.2021 жылғы №554 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы;

- «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы 2008 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 58 Қаулысы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 256 қаулысы);

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы (Классификатор)» ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;

- Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдері;

- Қабылдау комиссиясының шешімдері;

- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжаттаманы басқару;

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:
Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ЖЖОҚБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

УЕ – университет ережесі;

СМЖ – сапа менеджмент жүйесі;

СМЖҚ – СМЖ құжаттары;

СЖР және СО – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығыны

ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат мәжілісінде талқыланады.

4.2. Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеті ректоры – Сенат мәжілісінің төрағасы тарапынан бекітіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 4-ші беті

4.3. Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Қабылдау комиссиясы жауапты болып табылады.

4.4. Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын академиялық мәселелер вице-ректоры қадағалайды.

5 АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

5.1. Ахмет Ясауи университетіне жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білімі бар азаматтар қабылданады.

5.2. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша 1-қосымшада көрсетілген шекті балды алған, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл алуы қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

5.3. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші ҰБТ-дан өткен, Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы пәндерінен ҰБТ және шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша, білім беру бағдарламалары тобына түсу үшін қажетті шектік балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алуы қажет.

5.4. Шығармашылық дайындықты талап ететін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысуға ниет білдірген, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсуші техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар ҰБТ және шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, басқа білім беру саласы бойынша – кемінде 25 балл, оның ішінде шығармашылық емтиханнан – кемінде 5 балл және арнаулы пән бойынша кемінде 5 балл алуы қажет.

5.5. Шығармашылық дайындықты талап ететін В005 Денешынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасына түсуші талапкерлер (2022, 2023 жылғы Әлем, Азия, ҚР ресми біріншіліктерінің жеңімпаздары және ҚР спорт шебері атағын алған талапкерлерден басқа) ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша Қазақстан тарихы, Оқу сауаттылығы пәндерінің жалпы қосындысы 20 балл болған жағдайда қабылданады. Оның ішінде Қазақстан тарихы, Оқу сауаттылығы – кемінде 5 балл.

5.6. SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидасының» 2-1-қосымшасына сәйкес жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады. Бұл ретте SAT subject (САТ сабджект) нәтижелерін ҰБТ балына ауыстыру бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі.

5.7. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл алмаған, бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 5-ші беті

тұлғалар Ахмет Ясауи университетінің күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде, шартты түрде қабылданады. «Денсаулық сақтау» саласы бойынша білім беру бағдарламаларына шартты түрде қабылдау жүргізілмейді.

5.8. Оқу жылы аяқталғанға дейін шартты түрде қабылданған білімгерлер жыл бойы ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында белгіленген мерзімде тапсырады.

Осы ереженің 1-қосымшасында көрсетілген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша оқудан шығарылады.

5.9. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды Ахмет Ясауи университетінің қабылдау комиссиясы, сұхбаттасу (сұхбаттасу нысаны бағдарламада нақтыланып беріледі: әңгімелесу немесе ауызша) жүргізу арқылы жүзеге асырады.

5.9.1. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

5.9.2. Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады.

5.10. Бакалавр білім беру бағдарламаларында ақылы негізде білім алғысы келген ҰБТ тапсырған және шекті балды алған ұлты қазақ шетел азаматтарынан басқа шетел азаматтары Дайындық орталығының бір жылдық курсынан өткен жағдайда ғана қабылданады. Қабылдау емтиханы Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі арақылы жүзеге асырылады.

5.11. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдантын талапкерлерден қабылданатын емтиханының нысанына сәйкес сұрақтарын дайындауға мамандық шығарушы кафедралар жауапты. Кафедра жазбаша, ауызша емтихан сұрақтарын қабылдау комиссиясына, тест сұрақтарын «Өлшеу және бағлау» секторына белгіленген уақытта өткізеді.

5.12. Ахмет Ясауи университетінің білім беру бағдарламалары бойынша оқу тобындағы білім алушының саны 15 білім алушыдан кем болса, ол топты таратып білім алушыларды өздері ниет білдірген басқа білім беру бағдарламаларына немесе басқа жоғары оқу орнына ауысу шартымен қабылдайды.

6 АРНАУЛЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. «Педагогикалық ғылымдар», «Денсаулық сақтау» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы емтихан, «Өнер», «Гуманитарлық ғылымдар» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыттары бойынша оқуға қабылдау шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

6.2. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау, өздері таңдаған жоғары оқу орны бойынша жүзеге асырылады.

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 6-ші беті

Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау ағымдағы жылғы 20 маусым мен 7 шілде аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8-15 шілде аралығында өткізіледі.

6.3. Шығармашылық дайындықты талап ететін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық емтиханға қатысушылар қабылдау комиссиясына мына құжаттарды тапсырады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса) тапсырады.

6.4. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша, ал қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

6.5. «Педагогикалық ғылымдар», «Денсаулық сақтау» білім беру саласына түсуші адамдар бір арнаулы емтихан тапсырады.

6.6. «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау» білім беру салалары бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

6.7. «Педагогикалық ғылымдар», «Денсаулық сақтау» білім беру салалары бойынша қабылданатын арнаулы емтихан, «Өнер», «Гуманитарлық ғылымдар» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыттары бойынша қабылданатын шығармашылық емтихандар қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен емтихан бағдарламаларына сәйкес қабылданады.

7 МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫНА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

7.1. Мемлекеттік білім грант иегерлері «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына, «Бакалавр» немесе «Магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 Қаулысы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 256 қаулысы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негіздерінде қабылданады.

7.2. Ахмет Ясауи университетіне қабылдау үшін көрсетілетін қызметтер қабылдау комиссиясы немесе www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асады. Талапкер төменде көрсетілген құжаттарды тапсырады:

Қабылдау комиссиясына өтініш жасаған кезде:

1) университет басшысының атына еркін нысандағы өтініш;

2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжатын (төлнұсқа);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 7-ші беті

5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама.

6) ҰБТ сертификатын;

7) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау" саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

8) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлікті қоса береді.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табымайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына көрсетілетін қызметті алушылар артықшылықты құқық және квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша береді.

Қызметті алушы портал арқылы өтініш жасаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);

3) 3x4 көлеміндегі сандық фото;

4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама;

5) ҰБТ электрондық сертификаты;

6) білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік (бар болса).

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білім туралы мәліметтерді медициналық анықтаманы, ҰБТ электрондық сертификатын және білім беру грантын беру туралы электрондық куәлікті (ақпараттық жүйелерде болған жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпараттық жүйе арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы порталда "Жеке кабинетте" Ахмет Ясауи университетіне қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 10-25 тамызы аралығында ұсынады.

7.3. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген Ахмет Ясауи университетіне қабылдау жөнінде өтініш береді және Ахмет Ясауи университеті басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен білімгер қатарына қабылданады.

7.4. Шығармашылық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім беру гранты иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған жоғары оқу орнына қабылданады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 8-ші беті

7.5. Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

7.6. I-ші және II-ші топтағы мүгедектігі бар азаматтар, мүгедек балдар, бала кезінен мүгедектігі бар балдар қабылдау комиссиясына таңдаған мамандығы бойынша білім алуға қарсы айғақтардың жоқтығы туралы медициналық қорытындыны ұсынады.

7.7. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

7.8. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

8 АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮРКИЯ КВОТАСЫНА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

8.1. «Түркия квотасына» қабылданатын контингент саны мен кейбір жеке білім беру бағдарламалар тобына бөлінісі Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімімен анықталады.

8.2. Түркия квотасы конкурсына ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі 1-қосымшада көрсетілген шекті балды жинаған, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл жоғары ұпай жинаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

Шығармашылық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша Түркия квотасы конкурсына Ахмет Ясауи университетінде шығармашылық емтихан тапсырған талапкерлер ғана қатысады.

8.3. Түркия квотасына іріктеуге қатысуға ағымдағы жылдың мамыр-шілде айларында тапсырған (мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысқан ҰБТ сертификаты); ал республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы жеңімпаздары, ҚР Оқу-ағарту және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен Халықаралық, Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаларының жүлдегерлері қаңтар, наурыз, мамыр, маусым, тамыз айларында тапсырған ҰБТ нәтижесі бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуден өткен және 1-қосымшадағы шекті балл жинаған Қазақстан Республикасы азаматтары жіберіледі. Ұпай саны тең болып, басым құқығы болмаған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа ұпайы бірдей болғанда бірінші бейіндік пән бойынша алған ұпайы ескеріледі. «Алтын белгі» иегерлері конкурс кезінде ұпайлары бірдей болған кезде ғана ескеріледі.

8.4. Түркия квотасына осы Ереженің 8.5 тармағын қоспағанда күндізгі бөлім оқу түріне 1 жыл «Дайындық орталығында» оқу шартымен қабылданады.

8.5. Түркия квотасына үміткер Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы жеңімпаздарына, ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен Халықаралық, Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадасының жүлдегерлеріне университет берген грант сертификатының иегерлері және төмендегі тізімде көрсетілген «Өнер» мен «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары тобына қабылданған талапкерлер оқу-жаттығу үдерісінің ерекшелігіне байланысты 1-курс білімгері қатарына қабылданады.

№	БББ тобының коды	Білім беру бағдарламалары тобының атауы
1.	B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
2.	B005	Дене шынықтыруы мұғалімдерін даярлау
3.	B006	Музыка мұғалімдерін даярлау
4.	B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
5.	B021	Орындаушылық өнер

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 9-ші беті

6.	B027	Театр өнері
7.	B028	Хореография
8.	B031	Сән, дизайн

8.6. Түркия Республикасынан Түркия квотасына қабылданатын білімгерлер «Студенттерді іріктеу және орналастыру орталығы» тарапынан өткізілетін іріктеу емтиханы нәтижесінде қабылданады.

8.7. Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімімен Спорт немесе өнер саласындағы жоғары табыстарға қол жеткізген және халықаралық жарыстарда жүлделі орын алғандар, жетім, әлеуметтік жағдайы төмен, Республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларда, халықаралық фестивальдерде жүлделі орын алған үміткерлер үшін арнайы бөлінген орынға қабылданатын білімгерлер конкурстан тыс қабылдау комиссиясының шешімімен іріктеледі.

9 АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

9.1. Ахмет Ясауи университетіне ақылы негізде, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білімі бар азаматтар оқуға қабылданады.

9.2. ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша 1-қосымшада көрсетілген шекті балды жинаған, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл және әр шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл жинаған азаматтар ақылы негізде қабылданады.

9.2.1. Белгіленген контингенттен талапкерлер саны асқан жағдайда қабылдау үшін басым құқық мынадай кезектілік бойынша беріледі:

- 1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар;
- 2) патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградталғандар;
- 3) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалардың соңғы үш жылдағы жеңімпаздары өздері таңдаған білім беру бағдарламаларының бейіндік пәніне сәйкес келген жағдайда.

Бұл ретте балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары жоғары тұлғаларға беріледі.

Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балдары ескеріледі.

9.3. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар талапкерлерді Ахмет Ясауи университетінің қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы білім алуы үшін қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

9.4. Жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

9.5. Осы Ереженің 9.3 және 9.4 тармағында көрсетілген қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдау, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларына сәйкес, Ахмет Ясауи университетінің ректорымен бекітілген бағдарламалар бойынша сұхбаттасу жүргізу арқылы қабылданады. Сұхбаттасу емтиханы 100 баллдық жүйемен бағаланады. Өту баллы 70 және одан жоғары.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 10-ші беті

10 ҚЫСҚАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

10.1. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар Қазақстан Республикасының және шетел (білімі туралы құжаттары расталған жағдайда) азаматтарын ұқсас білім беру бағдарламаларына қысқартылған мерзімде күндізгі оқу түріне оқуға қабылдау сұхбаттасу емтиханы арқылы қабылданады.

11 ЕРЕЖЕДЕ ҚАРАСТЫРЫЛМАҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ

Осы ережеде қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес іске асырылады.

12 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

12.1. Осы университет ережесін талқылау және келісу университет Басқару Кеңесі немесе Сенаты отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

12.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі қабылдау комиссиясына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары, келесі адресстер бойынша жіберіледі: Академиялық департаментке, Кәсіби бағдар бөліміне, факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне.

12.3. Осы университет ережесінің бақылау данасы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығына сақтауға беріледі.

12.4. Осы Университет Ережесі 2022 жылғы маусымның 17 күнгі Сенат мәжілісінде бекітілді, хаттама № 9.

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э. Идрисова

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж. Дарибаев

Заң бөлімінің басшысы



Ғ. Мұсаханов

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы



Е. Төлегенов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-068-2022
Сапа менеджмент жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі		13 беттің 11-ші беті

ҚОСЫМША 1

Шекті балл

Шифр	Білім беру бағдарламасының тобы	Толық оқу түрі
B001	Педагогика және психология	75
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	75
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	75
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	75
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	75
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	75
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	75
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	75
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	75
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	75
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	75
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	75
B014	География мұғалімдерін даярлау	75
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	75
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	75
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	75
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	80
B021	Орындаушылық өнер	75
B027	Театр өнері	75
B028	Хореография	75
B031	Сән, дизайн	75
B033	Дінтану және теология	75
B034	Тарих және археология	60
B035	Түркітану және шығыстану	60
B036	Аударма ісі	65
B037	Филология	65
B140	Халықаралық қатынастар және дипломатия	65
B042	Журналистика және репортер ісі	75
B044	Менеджмент және басқару	60
B045	Аудит және салық салу	60
B046	Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	60
B049	Құқық	75
B050	Биологиялық және сабақтас ғылымдар	60
B051	Қоршаған орта	60
B054	Физика	60
B055	Математика және статистика	60
B057	Ақпараттық технологиялар	60
B062	Электр техникасы және энергетика	60
B063	Электр техникасы және автоматтандыру	60
B064	Механика және металл өңдеу	50
B086	Жалпы медицина	98
B087	Стоматология	100
B091	Туризм	65
B093	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі	65